УАҒДА

Шымкент қ. 2020 жылғы « 20 » қараша

Әрекеті Жарғыда бекіген директор **Ж. Ж. Отешованың** уәкілетінен Тапсырма беруші **«BS-INVEST Group» ЖШС**, және әрекеті Жарғыда бекіген директор **Б. С. Толыкбаеваның** уәкілетінен Орындаушы **«ЗерттеуНысанМонтаж» ЖШС**, екі Тарап болып осы Уағданы құптап, төмендегі тұрғыда уағдаласты:

1. Уағданың мақсат-мүддесі

1.1 Орындаушының аккредиттелген Құрылыс заттары мен құралымдары сынақ зертханасында (ендігіде – зертхана) Тапсырма берушінің мәлімдеуі бойынша орындалатын ғимараттар мен кешендердің топырақ негіздерінің, құрылыс заттары мен құралымдарының (ендігіде – өнім үлгілері) зертханалық кезеңді қадағалау сынақтары (ендігіде – сынақ).

1.2 Сынаққа мәліметті Тапсырма беруші өз нұсқасында немесе Орындаушы түзген нұсқада рәсімдеп береді. Сынақта анықтайтын сапалық қасиеттер жиынтығы өнім үлгілерінің нормалық, өзіндік құжаттарына сәйкес айқындалады.

2. Екі Тараптың құқықтары мен міндеттері

2.1 Тапсырма берушінің құқықтары мен міндеттері.

2.1.1 Тапсырма беруші: 1) сынақтың нәтижесі бойынша сынақ хаттамасының бір данасын алуға,
2) Орындаушының басшылығына орындалған сынақ бойынша өз пікірлерін жеткізуге,
3) Орындаушы орындаған сынақтың төлемі бойынша толық есептесіп, оны Уағдадан шығу күнінен жиырма күн ерте мерзімде жазбаша түрде таныстырған соң Уағдадан біржақты шығуға құқылы.

2.1.2 Тапсырма беруші: 1) сынақ орындау қажет болған жағдайда Орындаушыға өнім үлгілерін жіберуге, Орындаушы үшін сынақ нысанына кедергісіз өту жағдайын жасауға,
2) сынақ орындау қажет болған жағдайда Орындаушыға тапсыратын өнім үлгілерінің заттаңбаларында өнім үлгілерінің өндірушісінің атын, іріктелген, дайындалған күндерін, іріктелген жерін көрсетуге,
3) сынақ төлемін уақытылы төлеуге, Орындалған жұмыстар актілеріне сынақты алғандығы жайында қол қоюға міндетті.

2.2 Орындаушының құқықтары мен міндеттері.

2.2.1 Орындаушы: 1) өнім үлгілерінің нормалық және техникалық құжаттамаларымен танысуға,
2) Уағдадан шығу жайында хабар түссе Тапсырма берушіге төлем бойынша толық есептескені жайында немесе орындалған сынақтың төлеуге жататын бөлігінің саны және сомасы жайында өзара есеп айырысу актісін өткізуге,
3) Тапсырма беруші сынақ хаттамаларында сәйкес / сәйкес еместік мәліметтерін беруді сұраса, шешім қабылдау үшін стандарттық, нормалық және арнайы-өзіндік деректер мен ережелерді ұстануға құқылы.

2.2.2 Орындаушы: 1) сынақты нормалық мерзімде, нормалық құжаттарға сәйкес орындауға,
2) Тапсырма берушіге сынақ нәтижелерін хаттамалар түрінде өткізуге,
3) зертхананың аккредиттеу аттестатының қолданысы доғарылған жағдайда Тапсырма берушіге хабарлауға міндетті.

2.3 Екі Тарап қолданыстағы заңнамалардағы басқа да құқтарды тұтынып, басқа да ережелермен міндеттенеді.

2.4 Екі Тарап Уағданы орындауда алынған мәліметтердің құпиялығын сақтауға міндеттенеді, бірақ, сұрау салған жағдайда қадағалаушы жақтың өкілдеріне берілетін хаттамалардағы мәліметтер құпия емес.

3. Уағданың құны және есептеу тәртібі

3.1 Сынақтың құнын есептеу Орындаушының қолданыстағы Баға көрсеткішіне сәйкес орындалады. Уағданың жалпы құны Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актілерінің барлық сомаларының жиынтығынан құралады.

3.2 Сынақ төлемі кезең-кезеңмен кезектегі сынақты орындау алдын төлем шоты қойылған күннен бастап бес күндік банк жұмысы мерзімінде төленеді.

3.3 Тапсырма берушінің Орындаушыға сынақтың құнын төлеуі қаражатты Орындаушының Уағдада көрсетілген есеп шотына аударуы арқылы орындалады.

4. Екі Тараптың жауапкершілігі

4.1 Тапсырма беруші өнім үлгілерінің заттаңбаларындағы деректердің шындығын жауапкершілікке алады.

4.2 Орындаушы сынақ орындау барысында нормалық ережелерді сақтауды жауапкершілікке алады.

5. Өзге де уағдаласқан мәселелер

5.1 Уағда екі Тарап қол қойған күні бекіді, жарамдылығы 2021 жылдың 31 желтоқсанына дейін.

5.2 Уағда әрбір Тарап үшін бір-бірден екі дана жазылды.

5.3 Уағдада көрсетілген электрон поштамен жүзеге асырылатын екі Тарап арасындағы заңдық реттеуге қайшы емес ақпарат алмасу қағаз түріндегідей ресми болады.

5.4 Уағданың мәтінінде шешімі қарастырылмаған мәселелер бойынша екі Тарап арасында болуы мүмкін даулар мен келіспеушіліктердің бәрі қолданыстағы заңнама аясында келіссөздер арқылы шешілетін болады. Даулар келіссөздерде реттелмеген жағдайда, олар Орындаушының тұрағы бойынша сот органының қарауына берілуі мүмкін.

6. Екі Тараптың деректемелері және қолдары

Тапсырма беруші:	Орындаушы:
«BS-INVEST Group» ЖШС	**«ЗерттеуНысанМонтаж» ЖШС**
Қызылорда қ., Астана даңғылы 1, «Ер-Олжас» б/о, 5- кеңсе.	Шымкент қ., Абай ауданы, Б. Момышұлы даңғ., 174А
БСН 990 140 000 413	БСН 120640000293
ЖСК KZ588562203108813143	ЖСК KZ638210239895912261
«Банк ЦентрКредит» АҚ, БСК KCJBKZKX	«Bank RBK» АҚ, БСК KINCKZKA
Тел: 8 776 855 99 66, 8 700 084 99 66	Тел.: 8 (7252) 414 008, 8 701 551 12 66
e-mail: bsinvestgroup@mail.ru, royal-orda@mail.ru	e -mail: akck_znm@mail.ru
_____ **Ж. Ж. Отешова**	_____ **Б. С. Толыкбаева**